

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 877 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелері қайта аталсын.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

мынадай мазмұндағы 34-3) тармақшамен толықтырылсын:

"34-3) капиталдың сыртқы нарығында мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару бойынша іс-шараларды ұйымдастыру;"

277) тармақша алып тасталсын;

ведомстволардың функцияларында:

136) тармақша алып тасталсын;

488) тармақша алып тасталсын;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдарының тізбесінде:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

148-тармақ мынадай редакциясында жазылсын:

"148. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Қостанай облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Бейімбет Майлин ауданы қазынашылық басқармасы.";

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелері" деген 1-бөлімде:

129-тармақ мынадай редакциясында жазылсын:

"129. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Бейімбет Майлин ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы."

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 26 қарашадағы  
№ 877 қаулысына  
қосымша

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – қайта аталатын республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті бойынша :

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Қостанай облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Таран аудандық қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Қостанай облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Бейімбет Майлин ауданы қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті бойынша:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Таран ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Бейімбет Майлин ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.